



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ


**ДОКТОРАНТУРА  
ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық  
өнер университеті» РММ



## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Білім беру бағдарламалары және оқу процесі	3
3	Ғылыми жетекшілік және зерттеу тақырыптары	4
4	Білім алушылардың жеке жұмыс жоспарлары	6
5	Тәжірибені ұйымдастыру	7
6	Білім алушылардың ғылыми тағылымдамасы	8
7	Қорытынды аттестация	8
8	Философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесінің тағайындалуы	
9	Қорытынды ережелер	10

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР


1.1 Докторантура туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) іске асырылатын мәдениет және өнер саласындағы жоғары білікті, бәсекеге сай мамандарды докторлық дайындау бойынша білім беру қызметін жоспарлау, басқару және оқу процесін ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген оқytудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (8 қосымшасы);
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына.
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық кеңес туралы Үлгі ережеге;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген дәрежелерді беру Қағидаларына.

1.3 Докторантура – ішкі және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау мақсатында мәдениет пен өнер саласында ғылыми, педагогикалық және кәсіптік қызмет үшін жоғары оқу орнынан кейінгі мамандарды дайындау деңгейлерінің бірі.

1.4 Докторантураға жалпы басшылықты және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыруға бақылауды ғылыми жұмыс

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	

жөніндегі проректор атқарады. Докторантураның білім беру бағдарламаларын іске асыруға Университеттің ғылым бөлімі көмек көрсетеді.

1.5 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің оқу процесін ұйымдастыруға бақылауды оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор атқарады. Оқу процесін ұйымдастыруды Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет орындайды.

1.6 Оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыруды кафедра мен факультеттің ғылыми зерттеулерінің тақырыптарын ескерумен, бітіруші кафедра атқарады.

1.7 Университет докторантурасына оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына сай орындалады.

1.8 Докторанттарды дайындау мемлекеттік білім беру гранты арқылы, сондай-ақ, білім алушының меншікті қаржысы және басқа да көздер есебінен іске асырылады.

## **2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОҚУ ПРОЦЕСІ**

2.1 Университет білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін тиісті түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларына және кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидаларына сай ұйымдастырады.

2.2 Білім беру процесін іске асыру Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторларына, Салалық және Еуропалық біліктілік шеңберіне, кәсіптік стандарттарға сәйкес іске орындалады.

2.3 Докторантурада оқыту күндізгі және қашықтықтан оқыту нысандарында өткізіледі.


2.4 Докторантурада мамандарды дайындау кемінде, үш жылдық оқу мерзімімен, екі бағыт бойынша, іске асырылады:

- ғылыми-педагогикалық, философия докторын (PhD) дайындаумен;
- бейіндік, бейін бойынша докторды дайындаумен.

2.5 PhD докторантурасында мамандарды дайындау тиісті бейіндегі магистратураның білім беру бағдарламалары аясында іске асырылады.

Бейінді докторантурада мамандарды дайындау магистратураның немесе бейіндік магистратураға теңестірілген, тиісті бейіндегі жоғары арнайы білім берудің аясында іске асырылады.

2.6 Докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратураның бағдарламасымен сәйкеспеген жағдайда докторантка игеру

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	4 бет

үшін пререквизиттер белгіленеді (бітіретін кафедраның келісімі бойынша). Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

Пререквизит ретінде докторант тиісті деңгейдегі формалды емес білімнің нәтижелерін беруі мүмкін.

2.7 Бейінді бағыттағы магистрдің PhD докторантурасына түсуінде оған қосымша түрде пререквизит ретінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламасының ғылыми-педагогикалық магистратурасының педагогикалық бейінінің білім беру бағдарламасы белгіленеді.

2.8 Философия докторын (PhD) дайындаудың білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытта болады және негіздік білім беру, әдістемелік және зерттеу дайындығын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесі және ғылым саласы үшін ғылымның тиісті бағыттары бойынша пәндерді тереңдетілген оқытуды қарастырады.

2.9 Бейін бойынша докторды дайындаудың білім беру бағдарламасы негіздік білім беру, әдістемелік және зерттеу дайындығын және білім, өнер мен мәдениет салалары үшін ғылымның тиісті бағыттары бойынша пәндерді тереңдетілген оқытуды қарастырады.

2.10 Докторантураның білім беру бағдарламаларының құрамына кіреді:


- теоретикалық оқу курсы;
- ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының бағдарламасы, ғылыми жарияланымдарды дайындауды, докторлық диссертацияны жазуды және қорғауды қоса;
- тәжірибе – педагогикалық, зерттеу/өндірістік;
- аралық және қорытынды аттестаттау.

Компоненттердің әрқайсысының еңбек сыйымдылығы кредиттермен өлшенеді.

2.9 Зерттелінетін қызмет түрлерінің жалпы көлемі жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің жалпыға міндетті Мемлекеттік стандарттары бойынша талап етілетін көлемнен кем болмауы тиіс.

2.10 Білім беру бағдарламалары келесілерді ескерумен әзірленеді:

- PhD докторларын немесе тиісті бағыттағы бейін бойынша докторларды дайындаудың аккредитациядан өткізілген бағдарламаларын іске асыратын шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарының тәжірибесін;
- Таңдаған мамандығы бойынша білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін талдау негізінде білікті бітіру жұмысын қорғау кезіндегі диссертациялық кеңестердің ұсыныстарын;
- Білім беру бағдарламаларына жұмыс берушілердің Сараптау қорытындыларын;
- Еңбек нарығының қажеттіліктерін.
- Докторанттардың қажеттіліктері мен мүдделерін.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	5 бет

**2.11** Докторантураның білім беру бағдарламалары модульдік оқу ұстанымдары бойынша құрылған. Бұл ретте оқу нәтижелері (біліктіліктер) әрбір пән және модуль, сондай-ақ, бүкіл білім беру бағдарламасы бойынша қалыптасады.

2.12 Білім беру бағдарламасы оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың ұсынуы бойынша Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

2.13 Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыру Университеттің Академиялық саясатына сай іске асырылады.

2.14 Докторантурада білім беру процесін аяқтаудың негізгі өлшемшарты - докторанттың кемінде, 120 кредитті игеруі, оның ішінде, теоретикалық оқудың - кемінде, 45 кредитін, ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының - кемінде, 123 кредитін.

2.15 Докторантурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен анықталады. Белгіленген академиялық кредиттер көлемі игерілгенде және философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін алу үшін оқудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізілгенде докторантураның білім беру бағдарламасы толығымен игерілген болып саналады.

2.16 Докторантураның білім беру бағдарламасы мерзімінен бұрын игерілген және диссертация табысты қорғалған жағдайларда докторантқа оқу мерзіміне тәуелсіз түрде философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесі беріледі.

### **3 ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІЛІК ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫПТАРЫ**


3.1 Докторантураның білім беру бағдарламаларын, айрықша атағанда, оның ғылыми компонентін игеру докторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми кеңесшілердің жетекшілік етуімен іске асырылады.

3.2 Ғылыми кеңесшілер докторлық диссертацияны орындауды және академиялық адалдық ұстанымдарын қадағалауды, және диссертациялық жұмысты қорғауға уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

3.3 Докторанттардың философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденісіне ғылыми жетекшілікті кемінде, 2 кеңесші атқарады, олардың бірі – шетелдік жоғары оқу орнынан болуы тиіс.

Бейін бойынша доктор дәрежесіне ізденіске ғылыми жетекшілікті кемінде, 2 кеңесші атқарады, олардың бірі – тиісті саланың немесе қызмет саласының жоғары білікті маманы болуы тиіс.

3.4 Ғылыми жетекшілік ету үшін оқытушыларда болуы тиіс: ғылыми дәрежесі - ғылым докторы, ғылым кандидаты, академиялық дәрежесі - PhD философия докторы, бейін бойынша доктор, ғылыми атақтары - профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), кемінде, 3 жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі, сондай-ақ, олар білім және ғылым саласындағы өкілетті орган

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6 бет

бекіткен ғылыми басылымдар Тізіміне енген басылымда соңғы 5 жылда 5 ғылыми мақаланың авторы болуы тиіс және JCR деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection мәліметтер қорының бірінде индекстелетін немесе Scopus мәліметтер қорында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші, кемінде, 35 болатын, рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда 1 ғылыми мақаласы болуы тиіс.

3.5 Білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысы келесідей болуы тиіс:

- Заманауи ғылымның дамуына және кафедра мен факультеттің ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес;
- Өзекті, ғылыми жаңалығы және тәжірибелік мәні бар;
- Ғылым мен тәжірибенің теоретикалық, әдістемелік және технологиялық заманауи жетістіктеріне негізделуі;
- Алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолданумен заманауи зерттеу әдістеріне негізделуі;
- Ғылым мен шығармашылық этикасының ұстанымдарына негізделуі.

3.6 Диссертациялық зерттеудің мазмұны ұлттық басымдылықтарды, мемлекеттік бағдарламаларды, негіздік және қолданбалы зерттеулер бағдарламаларын іске асыруға бағытталуы тиіс.


3.7 Ғылыми зерттеулер тақырыптары ерекше және алдыңғы жылдардағы тақырыптардан және басқа білім беру ұйымдары зерттеулерінің тақырыптарынан айырмашылығы болуы тиіс.

3.7 Ғылыми жетекші тағайындалғаннан кейін білім алушы онымен бірге өзінің болашақ диссертациялық зерттеуінің тақырыбын таңдайды және тақырыптың өзектілігіне, жаңалығына, теоретикалық және тәжірибелік маңыздылығына ғылыми негіздеме дайындайды.

3.8 Диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесін (research proposal) докторант бірінші оқу семестрі барысында дайындайды және оған зерттеудің мақсаты, міндеттері мен зерттеудің әдістемесі, оның өзектілігі, жаңалығы, теоретикалық және тәжірибелік маңыздылығы, сондай-ақ, әдебиетке шолу және зерттеудің күтілетін нәтижелері кіреді.

3.9 Білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің тақырыптары кафедра жиналыстарында талқыланады және Университеттің Ғылыми кеңесіне бекітуге ұсынылады.

Білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің тақырыптары және олардың ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ, диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі көрсетілуімен кафедра жиналыстарынан көшірмелерге (нысаны А қосымшасында берілген) ғылыми кеңесші және докторант қол қойып, ҒЫЛЫМ бөліміне береді.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	7 бет

3.10 Білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің тақырыптарын және диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесін ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Ғылыми кеңеске береді.

3.11 Ғылыми кеңесшілер, докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы, диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі бірінші оқу семестрінің барысында Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.12 Кафедра оқытушысы бір мезгілде бес білім алушыға ғылыми жетекшілік етуіне болады.

#### **4 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЛАРЫ**

4.1 Докторантурада білім алушылар оқудың бірінші семестрінің барысында ғылыми кеңесшінің жетекшілік етуімен жеке жұмыс жоспарларын әзірлейді.

4.2 Докторанттың жеке жұмыс жоспарына келесі бөлімдер кіреді:

- жеке оқу жоспары (ЖОЖ);
- докторлық диссертацияның тақырыбы, ғылыми негіздемесімен және құрылымымен;
- тақырыбы, зерттеудің бағыты, орындалу мерзімдері мен есептілік нысандары көрсетілуімен жеке ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының жоспары;
- докторлық диссертацияны орындау жоспары;
- тәжірибеден өту жоспары (бағдарламасы, өтетін орны, мерзімдері мен есептілік нысаны);
- ғылыми жарияланымдар жоспары;
- ғылыми тағылымдамалар жоспары.


4.3 Жеке оқу жоспарында игерілетін кредиттер саны көрсетілуімен білім алушының оқу траекториясы көрініс табады. Жоспар семестрлерге бөлінуімен жылдар бойынша барлық оқу кезеңіне құрылады.

4.4 Жеке ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының жоспарында диссертация тақырыбы, оның зерттеу бағыты, мерзімдері мен есептілік нысаны көрсетіледі.

4.5 Тәжірибеден өту жоспарында тәжірибенің барлық түрлері, олардың бағдарламалары, өтетін орны, мерзімдері мен есептілік нысаны болуы тиіс.

4.6 Ғылыми жарияланымдар жоспарында жарияланымдардың болжамды тақырыптары, жоспарланатын басылым орны, дайын жұмысты жариялауға беру мерзімі болуы тиіс.



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	8 бет

4.7 Ғылыми тағылымдамалар жоспарында тағылымдама бағдарламасы, оның мақсаттары мен міндеттері, тағылымдаманың өтетін орны мен мерзімдері, сондай-ақ, есептілік нысаны болуы тиіс.

4.8 Қажет болса, жеке оқу жоспарына өзгерістер енгізілуі мүмкін.

4.9 Білім алушылардың жеке жұмыс жоспары екі данада толтырылады, олар кафедрада және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінде сақталады.

4.10 Жеке жұмыс жоспары кафедра жиналысында қарастырылады және ұсынылады және ғылыми жұмыс жөніндегі проректормен бекітіледі.

4.11 Білім алушылар өздерінің жеке жұмыс жоспарларын орындау үшін жауапкершілікті көтереді.

4.12 Әрбір семестердің соңында білім алушылар бітіруші кафедраның алдында жеке жоспарларын орындау нәтижелері туралы есеп береді.

4.13 Докторанттардың жеке жұмыс жоспарларын уақытылы орындауы үшін олардың ғылыми кеңесшілері және бітіруші кафедраның менгерушілері жауапкершілікті көтереді.

## **5 ТӘЖІРИБЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

5.1 Білім алушылардың тәжірибесі – ғылыми мамандарды дайындаудың қажетті кезеңі. Тәжірибе ғылыми, ғылыми-педагогикалық және кәсіптік қызметтің тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

5.2 Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша тәжірибе – зерттеу және педагогикалық, бейіні бойынша – өндірістік тәжірибелер болып бөлінеді.


5.3 Университетте тәжірибе басқа оқу түрлерімен қатар академиялық кезең барысында өткізіледі.

5.4 Тәжірибенің барлық түріне жіберу тәжірибенің мерзімі, өткізілетін орны және жетекшісі көрсетілуімен ректордың бұйрығымен рәсімделеді. Тәжірибенің жетекшісі ретінде, әдетте, білім алушының ғылыми кеңесшісі тағайындалады.

5.5 Тәжірибе білім беру мекемелерінде, ғылыми-зерттеу ұйымдарында, өнер ұйымдарында және т.б. өткізілуі мүмкін. Педагогикалық тәжірибе Университеттің бакалавриатында немесе магистратурасында өткізілуі мүмкін.

5.6 Зерттеу және өндірістік тәжірибелердің мазмұндары білім алушының диссертациялық жұмысының тақырыбымен анықталады.

5.7 Докторанттың зерттеу тәжірибесінің мақсаты – отандық және шетелдік ғылымның теоретикалық, әдістемелік және технологиялық жаңа жетістіктерін зерттеу, және тәжірибелік дағдылар мен біліктіліктерді бекіту, сондай-ақ, ғылыми зерттеу саласындағы, тәжірибелік деректерді өңдеудің және түсіндірудің заманауи әдістерін диссертациялық зерттеуде қолдану.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	

5.8 Докторанттың өндірістік тәжірибесінің мақсаты – оқу барысында алынған теоретикалық білімді бекіту және кәсіби деңгейді арттыру.

5.9 Тәжірибелер жалпыға міндетті мемлекеттік білім берудің тиісті стандартында белгіленген көлемде, бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес өткізіледі.

## **6 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАСЫ**

6.1 Докторанттар ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы шеңберінде диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша өнер саласындағы инновациялық технологиялармен, жетістіктермен танысу үшін міндетті тәртіпте ғылыми тағылымдамадан өтуі тиіс.

6.2 Ғылыми тағылымдама алыс немесе жақын шетелдегі білім беру ұйымында немесе ғылыми-зерттеу мекемесінде өткізілуі тиіс. Кейбір жағдайларда (төтенше жағдайлар, медициналық көрсетімдер, т.б.) тағылымдаманы Қазақстан шеңберіндегі білім беру ұйымдарында немесе ғылыми-зерттеу мекемелерінде өткізуге рұқсат етіледі.

6.3 Білім алушылардың ғылыми тағылымдамадан өту орындарын таңдауын, ғылыми тағылымдама бағдарламасының білім алушының ғылыми зерттеу тақырыбына сәйкестігін бақылауды Университеттің Академиялық этика бойынша Кеңесі іске асырады.


6.4 Тағылымдаманың бағдарламасы дайындық бағытына және білім алушының жеке ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жоспарына сәйкес әзірленеді.

6.5 Университет білім алушыларының ғылыми тағылымдамаларын ұйымдастыру және өткізу тәртібі жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың ғылыми тағылымдамалардан өтуі туралы Ережесіне сай іске асырылады.

6.6 Ғылыми тағылымдама аяқталғаннан кейін білім алушы есеп береді, онда көрсетілуі тиіс:

- Тағылымдама өткізілген ел және ұйым;
- Өту мерзімдері;
- Қабылдайтын жақтан тағылымдаманың жетекшісі туралы мәліметтер және оның пікірі (сипаттама);
- Диссертациялық зерттеудің тақырыбы;
- Тағылымдаманың мақсаты мен міндеттері;
- Қол жеткізілген нәтижелер;
- Растайтын құжаттар (сертификаттың, куәліктің көшірмесі немесе анықтама) мен фотосуреттер.

6.7 Білім алушы ғылыми тағылымдаманың нәтижелері туралы бітіруші кафедраның жиналысында есеп береді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	10 бет

6.8 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне міндетті түрде қабылдайтын жақтан тағылымдама жетекшісінің пікірімен (сипаттамасымен) қоса есебінің көшірмесі және ғылыми тағылымдамадан өту туралы сертификат, куәлік немесе анықтама (көшірмелері) беріледі. Докторанттың есебі құжаттардың түпнұсқаларымен бірге кафедрада сақталады.

6.9 Жыл соңында бітіруші кафедраның жиналысында білім алушының ғылыми іс-сапарларының нәтижелілігін талдау өткізіледі, қажет болса, түзетім іс-шаралары іске асырылады.

## 7 ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯ

7.1 Қорытынды аттестацияның мақсаты – докторанттың ғылыми-теоретикалық және зерттеу-талдауға бейімділік деңгейін, қалыптасқан кәсіби және басқару біліктіліктерін, кәсіптік міндеттерін өздігінше жүргізуге дайындығын және оның дайындығының кәсіптік стандарттың талаптарына және докторантураның білім беру бағдарламаларына сәйкестігін бағалау.

7.2 Қорытынды аттестация докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 12 академиялық кредитті құрайды және докторлық диссертацияны жазу және қорғау нысанында өткізіледі.


7.3 Докторлық диссертация – өздігінше зерттеуден тұратын докторанттың ғылыми жұмысы, онда жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде бағалауға болатын теоретикалық ережелер әзірленеді, немесе ғылыми мәселе шешіледі, немесе таңдаған білім беру бағдарламасы саласында теоретикалық және/немесе тәжірибелік мәселенің ғылыми негізделген шешімдері беріледі, сондай-ақ, таңдалған тақырыпты зерттеу барысы, алынған нәтижелер мен қорытындылар бейнеленеді.

7.4 Докторлық диссертацияларға талаптар дәрежелерді тағайындау Ережесіне сәйкес белгіленеді.

7.5 Докторлық диссертация дербестілік, ішкі біртұтастық, ғылыми жаңалық, шынайылық және тәжірибелік маңыздылық және академиялық адалдық ұстанымдарын қадағалаумен орындалуы тиіс.

7.5.1 Дербестілік ұстанымы диссертацияның өздігінше жазылуын білдіреді және автордың ғылымға, техника мен технологиялардың дамуына жеке үлесін куәландырады.

7.5.2 Ішкі біртұтастық ұстанымы диссертацияның ішкі біртұтастығының сақталуын, барлық бөлімдері мен ережелерінің өзара қисынды байланысын білдіреді; ғылыми ережелер, алынған нәтижелер мен ұсыныстар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келуі тиіс. Автор ұсынған жаңа шешімдер (ұстанымдар, әдістер) дәлелді болуы және белгілі шешімдермен салыстырмалы бағалануы тиіс.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	11 бет

7.5.3 Ғылыми жаңалық ұстанымы диссертацияның ғылыми нәтижелері, ережелері, ұсыныстары мен қорытындылары жаңа екендігін және диссертацияда ғылыми негізделген теоретикалық және/немесе тәжірибелік нәтижелердің болуын және олардың жиынтығы жаңа ғылыми жетістік ретінде бағаланатындығын немесе нақты ғылыми бағыттардың дамуы үшін маңызды екендігін білдіреді.

7.5.4 Шынайылық ұстанымы диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен өңдеу әдістемелерін және деректерді түсіндіруді пайдаланумен алынғандығын білдіреді; теоретикалық қорытындылар, үлгілер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар дәлелді екендігін және эксперименттік зерттеумен расталғандығын білдіреді.

7.5.5 Тәжірибелік маңыздылық ұстанымы қолданбалы маңызы бар диссертацияда - автордың алған ғылыми нәтижелерінің іс жүзінде қолданылуы туралы мәліметтердің келтірілетіндігін, олардың авторлық куәліктермен, патенттермен, зияткерлік меншікке кәуліктермен, өндіріске енгізілуі туралы актілермен және басқа ресми құжаттармен расталуын, ал теоретикалық маңызы бар диссертацияда – ғылыми қорытындыларды пайдалану бойынша ұсыныстар болуын білдіреді.

7.5.6 Академиялық адалдық ұстанымы диссертация авторының басқа авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қадағалауын, келесілердің болмауын білдіреді:


- авторға және алынатын ақпарат көзіне сілтемесіз басқа авторлардың мәтіндерін, ойларын, болжамдарын, қорытындыларын, әдістерін, зерттеу нәтижелерін, графиктерін, кодтарын, суреттерін немесе басқа жұмыстарын пайдалану және /немесе иемдену, сондай-ақ, сөз бен сөйлемдердің мағынасының өзгермеуімен, синонимдік алмастырумен басқа авторлардың мәтіндерін пайдалану, басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды (плагиат) қоса;

- өзінің материалдарын, нақтылы және цифрлық деректерін өзіне және/немесе өзінің дәйексөздеріне сілтемесіз пайдалану (автоплагиат) фактілері;

- ойдан алынған дереккөздерге сілтеме, анық емес/жалған деректерді және/немесе нәтижелерді, жазуларды немесе хабарламаларды беру (жалған жасау);

- зерттеу материалдарын, құрал-жабдықты, бейнелеуді, көрнекіліктерді немесе үрдістерді бұрмалау, оның салдарынан диссертациядағы зерттеу материалдары бұрмаланады (бұрмалау, жалғандық).

Нормативтік құқықтық актілердің және ресми құжаттардың атауларының, мемлекеттік және басқа ресми органдардың және ұйымдардың атауларының, ғылымның тиісті саласы үшін жалпы қабылданған терминдердің, анықтамалар мен түсініктердің, нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерінің, зерттелетін туындылардың мәтіндерінің бірдей болуы плагиатқа жатпайды, егер оларды пайдалану көлемі және сипаты орындалған диссертацияның дербестілігіне

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	

күмән тудырмайтын болса. Плагиатты анықтау мүмкіндігін азайту немесе жою мақсатында техникалық құралдар мен тәсілдерді қолдануға тыйым салынады.

7.6 Докторлық диссертация келесі нысандарда беріледі:

- Диссертациялық жұмыс;
- Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша бірінші және/немесе екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған кемінде, екі мақала мен бір шолудан тұратын топтама. Мақаланың бірінде докторант бірінші автор немесе хабарласу үшін бірінші автор болады.

7.7 Докторлық диссертация диссертациялық жұмыс нысанында берілген жағдайда философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесіне ізденіске диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация қорғалғанға дейін келесі ғылыми басылымдарда жариялануы тиіс:

- ҚР БҒМ БҒССҚК бекітетін, ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдардың Тізіміне енгізілген ғылыми басылымдарда үш (3) мақала;
- JCR деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection мәліметтер қорының бірінде индекстелетін немесе Scopus мәліметтер қорында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші, кемінде, 25 болатын, рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда бір (1) ғылыми мақала.

7.8 JCR деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Scopus мәліметтер қорында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші, кемінде, 25 (жиырма бес) болатын журналда бір (1) мақала және JCR қорының алғашқы үш квартиліне кіретін немесе Scopus мәліметтер қорында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші, кемінде, 50 (елу) болатын журналда бір (1) мақала болған жағдайда басылымдар Тізбесіне енген ғылыми басылымдарда мақала жариялау талап етілмейді.


7.9 JCR қорының алғашқы квартиліне кіретін журналда бір ғылыми мақала болған жағдайда басқа жарияланымдар талап етілмейді.

7.10 Ғылыми мақалалардың халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы саны талап етілген саннан артық болса, олар басылымдар Тізбесіне енген ғылыми басылымдардағы мақалалар ретінде ескеріледі.

7.11 Докторлық диссертация Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау орталығында плагиатты анықтауға тексеруден өтеді, оның нәтижесі бойынша аталған орталықта анықтама беріледі.

7.12 Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау орталығының анықтамасы болмаса, докторлық диссертация қорғауға жіберілмейді.

7.13 Диссертациялық жұмыс докторанттың білікті бітіру жұмысын қорғау рәсімінің алдында академиялық этика бойынша Кеңеске берілуі тиіс.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	

7.14 Академиялық этика бойынша Кеңес докторанттардың диссертациялық жұмыстарының ғылыми зерттеулерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, өткізу және нәтижелерін тарату барысында бұзылудың болмауын тексереді және Диссертациялық кеңеске тиісті қорытынды дайындайды.

7.15 Докторлық диссертация қорғауға берілу алдында екі ай бұрын бітіретін кафедраның кеңейтілген жиналысында алдын ала қорғау рәсімінен өтуі тиіс.

7.16 Бітіретін кафедраның шешімінің негізінде докторантқа диссертациялық жұмысын қорғауға рұқсат беру туралы ректордың бұйрығы шығарылады.

7.17 Докторлық диссертацияны қорғау Университеттің Диссертациялық кеңесі туралы Ережеге сай өткізіледі.

7.18 Диссертациялық кеңесте докторлық диссертацияны қорғау - докторантты дайындаудың қорытынды кезеңі. Университеттің тиісті мамандық немесе білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңесінің оң шешімі білім алушыға философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін беру үшін негіздеме болады.

## **8 ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PHD) НЕМЕСЕ БЕЙІН БОЙЫНША ДОКТОР ДӘРЕЖЕСІНІҢ ТАҒАЙЫНДАЛУЫ**


8.1 Диссертациялық кеңестің оң шешімінің негізінде докторантқа философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Университет ректорының бұйрығы шығарылады.

8.2 Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесі берілген тұлғаларға ректордың бұйрығымен, бұйрық шығарылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде меншікті үлгідегі дипломдар беріледі

8.3 Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесі берілуі туралы ақпарат диссертациялық кеңестің шешімі қабылданған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде Университет сайтында орналастырылады.

8.4 Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін беруге мақұлдау болмаған жағдайда докторант диссертацияны қорғауға қайтадан ұсынады, бірақ, бұл үшін Университетте алдыңғы қорғаудан кейін кемінде, бір жыл уақыт өтуі тиіс.

8.5 Докторантураның білім беру бағдарламасының толық теоретикалық курсы игерген, бірақ, докторанттың ғылыми-зерттеу/эксперименттік жұмысын орындамаған докторантқа ғылыми-зерттеу/эксперименттік жұмысының академиялық кредиттерін келесі жылдары ақылы негізде қайтадан игеру және диссертацияны қорғау мүмкіндігі беріледі.

 ҚАЗАҚҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	14 бет

8.6 Докторантураның білім беру бағдарламасының толық теоретикалық курсы игерген, докторанттың ғылыми-зерттеу/эксперименттік жұмысын орындаған, бірақ, докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттері беріледі және бітіргеннен кейін бір жыл ішінде диссертацияны – ақысыз негізде, ал келесі жылдары ақылы негізде кемінде, 4 академиялық кредит көлемінде, қорғау мүмкіндігі беріледі.

8.7 Бітіргеннен кейін 3 жыл өткенде докторант диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесін (research proposal) қайта бекіткеннен кейін ғана ақылы негізде (4 академиялық кредит көлемінде) қорғауға жіберіледі.

8.8 Университет орыс немесе ағылшын тілдерінде қорғалған диссертациялық жұмыстарды философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесі берілгеннен кейін 6 ай ішінде қазақ тіліне аударуды қамтамасыз етеді.

8.9 Бейінді докторантураны бітіруші педагогикалық бейіндегі пәндер циклын игерген және педагогикалық тәжірибені өткен жағдайда ғана ғылыми және педагогикалық қызметпен айналысады. Бұл цикл қосымша академиялық кезеңнің барысында игеріледі (докторантураның білім беру бағдарламасымен қарастырылмаған болса), оны бітіргеннен кейін негізгі дипломға тиісті куәлік қоса беріледі.

## 9 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

9.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ

ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

2 нұсқасы:  
30.09.2021

15 бет

А қосымшасы

## ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Тақырыбы	
Өзектілігі	
Мақсаты	
Негізгі міндеттері	
Зерттеу нысаны мен мәні	
Ғылыми жаңалығы	
Теоретикалық және тәжірибелік маңыздылығы	
Зерттеу әдістері мен әдістемелері	
Күтілетін нәтижелер	

Докторант \_\_\_\_\_ аты-жөні

Ғылыми кеңесші \_\_\_\_\_ аты-жөні